

П.Чайковский атындағы
Алматы музыкалық колледжінің директоры

Б.Е.Хасанғалиев

БЕКІТЕМІН

8.09.2021жыл



**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай
«Көшпенділер әуені – 2021»
V-ші мерейтойлық Республикалық сайыстың
ЕРЕЖЕСІ**

1 Жалпы ережесі

1.1 2021 жылы халық аспаптарында орындаушылардың «Көшпенділер әуені» республикалық сайысының жыл сайын тұрақты өткізіліп отырғанына бес жыл толады. Сондықтан да, «Көшпенділер әуені – 2021» конкурстың осы жылғы өткізілу рәсімі сайыстың бес жылдық мерейтойына арналады.

«Көшпенділер әуені» сайысы музыкалық аспапта кәсіби орындаушылар арасында бәсекелестік тудыратын белді конкурстардың бірі болып қалыптасты. Мұнда кәсіби музыкалық орындаушылар конкурсына сай жоғары орындаушылық талаптар мен міндеттер қойылады. Конкурстың басты бағдарлары сан ғасырдан бері мұра болып келе жатқан қазақтың халық музыкалық аспаптары мен орындаушылық өнерін, бай музыкалық мұрасын насихаттау. Халық музыкасын сақтау және әрі қарай жеткізу мен таратуда жастарға үлгі өнеге беру. Жас орындаушылар арасында қазақтың халық аспаптарында орындаушылық өнерге деген сұраныс тудыру, орындаушылық деңгейдің биіктеуіне, болашақ халық аспаптарында орындаушылардың шығармашылық өсуіне ықпал ету болып табылады.

Конкурс жыл сайын П. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі аясында колледж директоры Б.Е. Хасанғалиев және Өмірді сақтандыру компаниясы, Акционерлік қоғамы (ӨСК АҚ) «**Nomad life**» - тың төрағасы Қайрат Чегебаевтың бастамасымен өткізіліп отырады.

1.2 Сайыстың бас серіктесі Өмірді сақтандыру компаниясы, Акционерлік қоғамы (ӨСК АҚ) «**Nomad life**»

1.3 Сайыс 2017 жылдан бастап, әр жыл сайын өткізіледі

1.4 Сайыстың өтетін орыны П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің Е.Серкебаев атындағы үлкен залы, камералық зал

1.5 Сайысқа Қазақстан Республикасының музыкалық колледждерінің студенттері қатыса алады.

1.6 Сайысқа әрбір музыкалық оқу орнынан, әрбір номинация бойынша төмендегідей қатысушылар саны жіберіледі:

Құрманғазы номинациясына үш адам;

Қорқыт номинациясына үш адам;

Ф. Балғаева номинациясына үш адам;

Конкурсты ұйымдастырушы жақ қатысушылар санын шектемейді, қойылған өзіндік талаптар аумағында іріктеп алынады.

1.7 Сайысқа қатысу үшін шығынды келген жағы өздері көтереді. Әрбір сайысқа қатысушы үшін сайыскерді ертіп келген жетекшілері жауапты. Қатысушы концертмейстермен өзін қамтамасыз етуі қажет.

1.8 Алдыңғы өткізілген «Көшпенділер әуені» конкурстарының 3- орын иегерлері конкурсқа қатыса алады.

1.9 Конкурсқа қатысушы тарапынан өтінімде берілген бағдарламаға өзгеріс енгізуге рұқсат етілмейді. Барлық шығармалар жатқа орындалады. Әрбір шығарма тек бір мәрте ғана орындалады.

1.10 Құжаттар толық болмаған жағдайда өтінімдер қабылданбайды.

2 Конкурстың мақсаты мен міндеттері

2.1 Жастардың мәдени салада, оның ішінде халық аспаптық музыкада және аспапта орындаушылықта шеберлігінің қалыптасуына ықпал ету. Музыка арқылы жастарды ұлттық патриотизмге баулу, олардың бойына рухани құндылықтарымызды сіңіру, ұлттық нақышта тәрбиелеу. Музыкалық білім алушылардың орындаушы-музыкант болып қалыптасуына, әрі өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік тудырады.

Республикалық колледждер арасында музыкалық орындаушылық өнерді кәсіби деңгейде дамыту және насихаттау.

Қазақтың халық аспаптарынында орындаушылық дәстүрін дамыту және таланттарды қолдау. Кәсіби тұрғыдағы музыкалық орындаушылықты өсіру.

3 Конкурсты ұйымдастыру

3.1 Сайыстың талаптары:

Сайыс үш номинациядан тұрады:

1) Құрманғазы номинациясы (Домбыра)

2) Қорқыт номинациясы (Қыл қобыз)

3) Ф. Балғаева номинациясы (Прима кобыз)

3.2 Сайыстың өтетін жері мен уақыты:

Сайыс П. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінде 2021 жылдың қараша айының 24-26 күндері аралығында өтеді.

23 қараша- сайыскерлерді тіркеу және жеребе алу

24 қараша - сайыстың салтанатты ашылуы, 1 кезеңі тыңдалу

25 қараша - 2 кезең тыңдалуы, сайыстың қорытындысы

26 қараша - Сайыстың марапаттау рәсімі және сайыстың жабылуы, Лауреаттардың гала концерты.

3.3. Сайыстың өту формасы әлемде және елімізде болып жатқан пандемиялық ахуалға орай, өзгеруі мүмкін.

Егер, елімізде көпшілікті жинайтын жарыстар, сайыстар сияқты шараларды ұйымдастыруға рұқсат берілген жағдайда дәстүрлі түрде (оффлайн) өтеді. Ал, мұндай шараларға рұқсат берілмесе, онлайн демек, қашықтықтан өткізіледі.

3.4 Сайысқа құжаттарды тапсыру мерзімі, уақыты (өтініш) – 2021жылдың 17 қарашаға дейін.

3.5 Сайыстың барлық сұрақтарына П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің халық аспаптары ұстаздарынан тағайындалған (оргкомитет) ұйымдастырушылар комитеті жауап береді.

Электрондық пошта - Nomad_aueni@mail.ru

8-701 470 22 67 (Ченемисова Лаула Табысбекқызы);

8 707 740 77 02 (Рузденова Айгүл Бексауытқызы); 8 702 561 03 97(Асанова Айгүл Файзуллақызы) 8-701 446 73 81 (Муканова Меруерт Талапқызы)

3.6 Сайыстың жүлделі сыйақысы шәкіртпен ұстаз және концертмейстер арасында мынадай пайыз көлемінде бөлінеді: 50% ұстаз, 50 % лауреат.

3.7 Лауреаттар мен дипломанттар дайындаған ұстаздар мен концертмейстерлер алғыс хаттармен марапатталады.

3.8 Бас жүлде бөлінбейді. Бас жүлдеге лайықты қатысушы болмаған жағдайда, қазылар алқасы бас жүлдені тағайындамауға сонымен қатар, лайықты орындаушылар болмаса орындарды бермеуге сонымен қатар лайықты орындаушылар қатары көп болған жағдайда орындарды бөлуге құқылы. Әділ-қазылар алқасының шешімі талқыға салынбайды.

3.9 Әділқазы алқасының мүшелігінде Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткерлері, жоғары оқу орындарының профессорлары және музыкалық колледждің ұстаздары болады.

3.11 Қатысушыларды 25 балдық жүйемен бағалайды

Әр номинация бойынша қаржылай сыйлық тағайындалған:

Бас жүлде – 1

1 дәрежелі лауреат - 2 орын

2 дәрежелі лауреат - 2 орын

3 дәрежелі лауреат - 3 орын

Дипломант – 5 орын

3.12 Сайысқа қатысу тегін.

Сайысқа қатысу үшін анкетаны (өтініш) 2021 жыл 30 қарашаға дейін толтырып Nomad_aueni@mail.ru электрондық поштасына жіберу керек
Мекен жайы : Алматы қ, Манас көшесі, 13.

Анкетаның толтырылуы үлгісі (Заявление)

Қатысушының аты-жөні	
Толық жасы, курс	
Оқу орыны, мекен жайы, курс	
Оқу орнынан анықтама	
Жеке куәлік немесе туу туралы куәлік көшірмесі	
Сайыстың номинациясы	
Орындайтын шығарма	I кезең
	II кезең
Мұғалімнің аты-жөні	
Мұғалімнің және қатысушының телефон номері	

Құрманғазы номинациясы
Домбыра аспабының конкурстық бағдарламасы

I кезең

1. Қазақстан композиторларының домбыра мен фортепиано сүйемелдеуіндегі шығармасы (сайыскердің қалауы бойынша)
2. Дина «Байжұма» (міндетті)
3. Қазанғап Тілепбергенұлының бір күйі (сайыскердің қалауы бойынша)
4. Арқа немесе Қаратау шертпе күй дәстүрінен бір күй (сайыскердің қалауы бойынша)

II кезең

1. Құрманғазы «Терісқақпай» (міндетті)
2. Маңғыстау немесе Сыр өңірінен бір күй (сайыскердің қалауы бойынша)
3. Алтай-Тарбағатай, Жетісу шертпе күй дәстүрінен бір күй (сайыскердің қалауы бойынша)
4. Қазіргі заман композиторларының төкпе күй дәстүрінен бір күй

Қорқыт номинациясы
Қыл қобыз аспабының конкурстық бағдарламасы

I кезең

1. А.Жайым «Скерцо»
2. Ықыластың күйі (қалауы бойынша)
3. Ә.Қазақбаев «Бақсы», «Аллам жар» (жеребе бойынша)

II кезең

1. Ә.Қазақбаев «Фатима сарыны»
2. Домбыраның бір күйі, қалауы бойынша
3. Қорқыт «Қорқыт», «Қоңыр» (жеребе бойынша)

Ф. Балғаева номинациясы
Прима қобыз аспабының конкурстық бағдарламасы

I кезең

1. Ф. Балғаеваның прима қобызда орындаған шығармаларының бірі. (Ф. Балғаеваның мерейтойына арнап шығарылған ұнтаспадан таңдалынады)
2. Техникалық сипаттағы шет ел композиторларының шығармасы (сайыскердің қалауы бойынша)
3. Қазақ әндері мен күйлерінің өңдеуі (сайыскердің қалауы бойынша)

II кезең

1. Қазақстан композиторларының шығармасы
2. Күрделі формадағы шығарма I немесе II, III бөлімдері

Сіздерді сайыста күтеміз!
Сіздерге шығармашылық табыс, жеңістер тілейміз!